

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 10 тамыздағы N 685 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі N 1055 Қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.10 N 1055 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2004 ж., N 38, 504-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларында:

"Бір абонент үшін айлық есептік көрсеткішпен төлемнің жылдық ставкалары" деген бағандағы "1,137", "0,568" және "0,568" деген сандар "1,101", "0,550" және "0,550" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2007 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі